

А.М. Жубандыкова¹, Ж. Елубаева¹

¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

СТУДЕНТТЕРДІ ОҚЫТУДА САНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде білім беру технологияларын дамыту мен қолдану ерекше маңызға ие болуда, бұл, біздің ойымызша, қазіргі білім беру жүйесін жетілдірудің маңызды факторы болып табылады. Мақалада сандық білім беру үдерісіне білім беру ресурстарын оқу үдерісіне қолдану жөніндегі мәселелер қарастырылады.

Мақаланың мақсаты, студенттердің сандық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталады. Сандық білім беру ресурстары оқу үдерісін жақсартуды ұйымдастыру, тұлғаға бағытталған оқыту; сандық білім беру ресурстары оқытушы мен студенттердің сабақтан қалған уақыттағы олқылықтарды жоюға; сабақтан кейін өзіндік іздену нәтижелерін жақсартуға; студенттің ізденуіне үлкен мүмкіндік береді.

Сандық білім беру ресурстарының жиынтықтары студентке ақпараттың үлкен ағымын жеткізеді. Оқу үрдісінде сандық білім беру ресурстарын қолдану – бұл оқу процесін жетілдіруге, оңтайландыруға, студенттердің пәнге оқуға деген қызығушылығын арттыруға, дамыта оқыту идеяларын жүзеге асыруға, сабақтың қарқынын, өзіндік жұмыс көлемін арттыруға мүмкіндік беретін тәсілдердің бірін ұсыну әрекеті болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, авторлар мақалада сандық білім беру ресурстарының үштұғырлы дидактикалық қызметін: сандық білім беру ресурстарын пайдалана отырып оқыту, дамыту, тәрбиелеуге назар аударды.

Түйін сөздер: қашықтықтан оқыту, сандық, білім беру ресурстары, электрондық білім беру, контент

Жубандыкова А.М.¹, Елубаева Ж.¹

¹Казахский национальный женский педагогический университет
Алматы, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ ЦИФРОВОГО ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО РЕСУРСА В ОБУЧЕНИИ СТУДЕНТОВ

Аннотация

На современном этапе развития общества особую значимость приобретает развитие и применение цифровых образовательных технологий, что, на наш взгляд, является значимым фактором усовершенствования современной системы образования. Данная статья посвящена вопросу введению цифровых образовательных ресурсов в образовательный процесс.

Цель статьи направлена на повышение уровня цифровой грамотности студентов. Цифровые образовательные ресурсы предоставляют огромные возможности преподавателю, обеспечивают мощными средствами, которые разрешают следующие вопросы: улучшение организации учебного процесса, повышение индивидуализации обучения; цифровые образовательные ресурсы предоставляют возможность преподавателю и студентам для устранения пробелов, возникших из-за пропуска уроков; улучшают результаты самоподготовки после уроков; средство индивидуализации работы самого преподавателя.

Комплекты образовательных цифровых ресурсов позволяют довести до обучающегося огромный поток информации. Использование образовательных цифровых ресурсов в учебном процессе – это попытка предложить один из путей, позволяющих интенсифицировать учебный процесс, оптимизировать его, поднять интерес студентов изучению предмета, реализовать идеи развивающего обучения, повысить темп урока, увеличить объём самостоятельной работы. Таким образом, авторы уделяет внимание на цифровые средства обучения, которые выполняют триединство дидактических

функций: обучение, развитие, воспитание в рамках предметной деятельности с учётом использования средств образовательных цифровых ресурсов.

Ключевые слова: дистанционное обучение, цифровое, образовательные ресурсы, электронное обучение, контент.

A.M. Zhubandykova¹, Z.Elubaeva¹

¹*Kazakh national women's teacher training university, Almaty, Kazakhstan*

FEATURES OF THE USE OF A DIGITAL EDUCATIONAL RESOURCE IN TEACHING STUDENTS

Abstract

At the present stage of the development of society, the development and application of distance education technologies is of particular importance, which, in our opinion, is a significant factor in improving the modern education system. This article is devoted to the introduction of digital educational resources in the educational process.

The purpose of the article is aimed at increasing the level of digital literacy of students. Digital educational resources provide great opportunities for the teacher, provide powerful tools that solve the following issues: improving the organization of the educational process, increasing the individualization of learning; digital educational resources provide an opportunity for the teacher and the student to eliminate gaps that have arisen due to skipping lessons; improve the results of self-training after lessons; a means of individualizing the work of the teacher himself.

These digital educational resources allow you to bring a huge flow of information to the student. The use of digital educational resources in the educational process is an attempt to offer one of the ways to intensify the educational process, optimize it, raise the interest of students in studying the subject, implement the ideas of developing learning, increase the pace of the lesson, increase the amount of independent work. Thus, the authors pay attention to digital learning tools that perform a trinity of didactic functions: teaching, development, education within the framework of subject activities, taking into account the use of digital educational resources.

Keywords: distance learning, digital, educational resources, e-learning, content.

Кіріспе. Қазіргі таңда әлемде мемлекеттің ұлттық құндылығы мен бәсекелесу қабілеті туралы объективті ақпарат адам капиталының интеллектуалдық өлшемі арқылы анықталады. Бәсекелестіктің жоғарғы қабілетіне жету үшін заманауи, әрі тиімді білім беру жүйесін қолдау керек.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында ІТ-инфрақұрылымды, цифрлық білім беру ресурстарын; ашық онлайн-курстардың желілері мен платформаларын дамыту; мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді автоматтандыру қажет» [1, 6-б.], – деп көрсетілген.

Сонымен бірге «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының нысаналы индикаторларының бірі 2022 жылы интернет желісін пайдаланушылардың үлесін көбейту екені де белгілі [2, 7-б.]. Бұл үлкен көрсеткіш екені сөзсіз.

Сандық білім беру ресурстары дегеніміз не? Сандық білім беру ресурстары білім беру мазмұнын анықтайтын электрондық оқыту жүйесі компоненттерінің бірі болып табылады.

Білім беру мазмұнын анықтайтын электрондық оқыту жүйесі компоненттерінің бірі. Білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін, оқу үдерісінде өскелең ұрпақтың СБР белсенді қолдану, бүгінгі таңда берілген бағдарлама аясындағы педагогикалық қоғамдастықтың алдында өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Жоғары білім беру жүйесінде болашақ маманды қалыптастыру қазіргі заманда ақпараттық-коммуникациялық технологиямен тығыз байланысты қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесінде болып жатқан онлайн оқыту педагогтарға оңай болған жоқ. Осы тұрғыдан мемлекеттік деңгейде мұғалімдер мен оқытушылардың ақпараттық сауаттылығын көтеру мәселесі туындап, педагогтарымыз жаппай біліктілікті арттыру курстарынан өткізілді.

Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңында «педагогтер алған білімін практикада іске асыруы үшін біліктілікті арттыру курстарын өткізетін ұйымдар білім беру

саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен педагогтер қызметін курстан кейінгі қолдауды тегін жүзеге асырады» – деп көрсетілген [3, 4 б.].

Білім беру жүйесін ақпараттандыру мәселесі бойынша ғалымдардың еңбектері айтарлықтай жеткілікті, бірнешеуіне тоқтала кетсек. Мәселен, С.Т.Мұхаметжанова, білім беруді ақпараттандыру бұл білім беру жүйесінің барлық қызметтерінде ақпараттық-коммуникациялық технологияны енгізу, оны пайдалану, білім берудегі ұлттық модельді дамыту, білім берудің сапасын арттыру және оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мақсаттарын жүзеге асыру бағытында оның мүмкіндіктерін қолдану үдерісі деп түсіндіреді [4, 52 б.].

Ж.Ы. Сардарова ақпараттық-технологияны бастауыш мектеп әдістемесіндегі қолдану бағыттарын анықтай келе, оны оқушыларды шығармашылыққа баулитын танымдық құрал ретінде көрсетіп, оқу үдерісінде АКТ-ны қолдану мұғалім мен оқушының өзара қарым-қатынасын, ынтымақтастығын, өзара түсіністікті, бірлескен шығармашылық жұмыс, өзара тәжірибе алмасу сипатына ие болуына себепші – деп келтіреді [5, 25 б.].

Е.С. Полат ақпараттық жаңа технологиялардың оқыту тәжірибесіндегі ролін, оның оқушылардың интеллектуалдық, шығармашылық және адамгершілік даму үдерісі ретінде қарастыру қажет деп санайды [6, 11 б.].

С.М. Кеңесбаевтың «Жоғары педагогикалық білім беруде болашақ мұғалімдерді жаңа ақпараттық технологияны пайдалана білуге даярлаудың педагогикалық негіздері» тақырыбындағы жүргізілген іргелі зерттеуінде жаңа ақпараттық технологияны пайдалану ақпаратпен жұмыс жасау іскерлігін қалыптастырады, коммуникативтік қабілетін дамытады, берілген тапсырма көлемін білім алушы меңгере алатын деңгейге дейін жетеді»-деп көрсетеді [7, 22 б.].

Жоғарыда көрсетілген ғалымдардың зерттеулеріне талдау жүргізе келе, біз сандық білім беру ресурстарын оқу үдерісінде қолдану оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, ақпаратпен жұмыс жасау, өздігінен іздену, іскерлік сынды қабілеттерін дамытатынын, сонымен бірге, білім сапасын арттыратынын байқадық.

Зерттеу материалдары және әдістері. Зерттеу жұмысымыздың барысында біз талдау, жинақтау, абстракциялау, нақтылау, контент-талдау сынды теориялық әдістермен бірге, объектті іздеу, сауалнама, диагностикалау, бақылау т.б. эмпирикалық зерттеу әдістерін де пайдалану барысында сандық білім беру ресурстарын оқу үдерісінде қолданудың маңыздылығын анықтадық.

Білім беру үдерісіне цифрлық білім беру ресурстарын қолдану студенттердің болашақ маман ретінде кәсіби құзыреттілігін арттыра отырып, оқу-тәрбие үдерісінде жаңа әдістерін қолдануды талап етеді.

Алдымен студенттердің болашақ маман ретінде сандық білім беру ресурстарын пайдалана алу маңыздылығына тоқталып өтесек, сонымен қатар электрондық оқу материалдарының оқытудың дидактикалық міндеттерді табысты шешуге ықпалын дәлелдей кетуды жөн көрдік.

СБР – оқу процесін ұйымдастыруға қажетті және цифрлық нысанда ұсынылған, нақты оқулықтың мазмұнына сәйкес таңдалған, сабақты жоспарлаумен «байланыстырылған» фотосуреттер, бейнелер, макеттер, рөлдік ойындар, картографиялық материалдар. қажетті әдістемелік ұсыныстарды қамтиды.

Қарапайым СБР- тұтастай пайдаланылады және тәуелсіз пайдалануға болатын бөлек элементтерге бөлуге мүмкіндік бермейді. «Қарапайым» СБР мысалы: MS Office, HTML, PDF және т.б. құжаттар, JPEG форматындағы иллюстрациялар, аудиожазба, бейнежазба, нақты технологиялық платформада орындалатын оқу курсының жеке объектілерінен тұрады.

Күрделі СБР – дербес білім беру ресурстары ретінде бөлек пайдалануға болатын элементтерден тұрады.

«Күрделі» сандық білім беру ресурстарына мысалы: нақты пән (бағдарлама) бойынша электрондық оқыту курсы, тестілеу жүйесі, тақырыптық каталогтар жатады.

Сандық білім беру ресурстарының жинақтары келесі міндеттерді орындауға арналған: педагогтердің сабақты дайындауға және өткізуге көмектесу, сонымен қатар үй тапсырмасын дайындауға көмектесу.

Сандық білім беру ресурстарын педагогтің сабаққа дайындалуда қолданатын әдістері:

- сабақты сандық білім беру ресурстары арқылы модельдеу;
- пән бойынша қосымша және анықтамалық ақпараттармен толықтыру;
- ақпаратпен жұмыс жасау;
- бақылау және өзіндік жұмысты дайындау (нұсқалар бойынша);

- шығармашылық тапсырмаларды дайындау;
- сабақ жоспарын дайындау;
- интернет арқылы басқа педагогтермен тәжірибе алмасу.

Біз, өткізген сабақтарымызда пайдаланған төмендегідей сандық технологиялардың үлгілерін ұсынуды жөн көрдік:

1 модель – CD-ROM дискісінде мультимедиялық курстарды пайдаланатын сабақ – мультимедиялық технологияларды (оқу мультимедиялық курстары) пайдалана отырып сабақты өткізудің нақты мүмкіндіктерін көрсетті.

2-модель – интернет-технологияларын қолдану сабаққа білгілі бір уақытта мамандарды немесе ЖОО оқытушыларын тартуға, студенттер мен осы мамандар арасында тікелей диалог құруға мүмкіндік берді. Бұл модель кіріктірілген сабақтарды жүргізуде тиімділігін көрсетті.

Онлайн сабақ барысында мұражайларға онлайн саяхат жасау, иллюстрацияларды қолдану т.б. әдістерді пайдаландық.

3-модель – диалог-сабақ – студенттердің жобалау іс-әрекетін ұйымдастыруға және қашықтықтан оқыту режимінде студенттермен диалог құруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

4-модель – қашықтантан оқыту барысында деректер қорын пайдалануға арналған сабақ – қашықтықтан оқыту ресурстарын (есептеу, имитациялық модельдер, виртуалды зертханалар және т.б.) пайдалануға мүмкіндік береді.

5-модель – on-line онлайн режимінде демонстрациялы эксперименттерді қолданатын сабақ – университет ресурстарын пайдалануға мүмкіндік береді: лабораториялық кабинеттер, зертханаларда тәжірибелерді on-line режимінде жүргізуге болады.

7 модель – мұражайлардың ақпараттық ресурстарын пайдаланатын сабақ. Өртүрлі тақырыптар бойынша сабақтарда мұражай жинақтары пайдаланылады.

Сандық білім беру ресурстарын сабақтың әртүрлі кезеңдерінде пайдалануға тырыстық:

- жаңа материалды көрсету кезінде – білімді визуализациялауда (демонстрациялық-энциклопедиялық бағдарламалар, Power Point презентация бағдарламасы);

- виртуалды зертханалық жұмыстарды жүргізу;

- материалды бекіту (тренинг – әртүрлі оқу бағдарламалары, зертханалық жұмыстар);

- бақылау және тексеру жүйесі (тестілеу);

- жобалау әдісі бойынша кіріктірілген сабақтарды өткізу кезінде, оның нәтижесі Web - беттерді, телеконференцияларда жарияланып отырды.

- Сандық білім беру ресурстарының түрлері:

- Компьютерді пайдалану. Бұл жағдайда сабақта компьютермен жұмыс (10-12 минут) жасайды.

Слайдтарда ұсынылған жаңа ақпараттан студент маршрут парағына жазылған сұрақтарға сүйене отырып, өздеріне қажеттісін таңдайды;

- Компьютер мен проекторды пайдалану. Мультимедиялық проекторды пайдалана отырып, бұрын оқылған материалды еске түсіруге, оқылатын тақырып бойынша жаңа ақпарат алуға мүмкіндік беретін презентация көрсетеді. Студенттер өзіндік жұмыста белгілі бір тапсырмаларды орындайды;

- Проекторды пайдалану. Өткізілген тақырыптың қорытынды сабағында студенттер жобалау жұмыстарын қорғайды.

- Біз сабақтан тыс кезінде де сандық білім беру ресурстарын қолдануға тырыстық:

- студенттердің өзіндік жұмыс жасау барысында;

- студенттердің нақты қабілеттерін (зейін, есте сақтау, ойлау, т.б.) жаттықтыру.

Сонымен қатар сабақта анимациялық көрнекіліктер мен бейнероликтерді қолдана отырып жаңа материалды түсіндірудің педагогикалық амалдары келесідей мүмкіндіктерді береді: проблемалық жағдаяттарды құру, салыстыру; зерделеп отырған құбылыстың басты белгілерін ажырата білу, белгілі бір дерек пен құбылысқа зейінін шоғырландыру; тірек сөздерді, терминдерді дәптерге жазу, оқытушының сұрақтарына жауап беру, бейнеролик мәтінін қайталап айтып беру; білім алушылармен әңгімелесу т.б. [8. 12 б.]

Интерактивтік тапсырмалар білім алушыларда пәндік білім, білік пен дағдыларды қалыптастыруға арналған, сонымен қатар, олардың стандарттық емес есептерді шығара алу, өмірдің әртүрлі салаларында кездесетін проблемалар мен жағдаяттарды шеше алу қабілетін жетілдіреді. Тапсырмалардың түрлі болып келуі оқыту барысында білімді тек меңгеруден сол пән бойынша құзыреттерді қалыптастыруға қарай жүріп отырады, білім алушылардың өмірдегі шынайы әрекеттерге шынайылықпен қатыса алмау мүмкіндігін жақсартады. Тәжірибелер білім алушының

түртпе арқылы басқарып отыратын виртуалды нысандармен түрлі операциялар жасауы арқылы іске асырылады. Бірізділікпен өтілетін нысандардың өзгерулері (геометриялық фигуралардың, зат формаларының, заттардың түстері т.б. өзгеруі) білім алушыларға танымдық үдерісте белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Білім алушыларға шынайы өмірде мұндай тәжірибелерді жасау мүмкіндігі болмайтын жағдайларда жаратылыстану ғылыми тәжірибелерімен таныстыруға мүмкіндік береді [9, 3-б.].

СБР-ға жаттығулар орындау, картамен жұмыс жасау, сәйкестіктерді белгілеу, сөйлемдерді толықтыру, кесте құру, сөзжұмбақ, ребус шешу т.б. тапсырмалар енгізілген. Математика, алгебра, геометрия пәндері бойынша СБР-да көптеген жағдайларда білім алушыларға әрбір кездейсоқ таңдау бойынша ұсынылатын тапсырмалар базасының маңызы зор. Сол себепті, жауапты есте қалдырудың тек механикалық жаттанды түрінен саналы есте сақтауына қарай жүру логикасы қалыптасады [10, 35 б.].

Білімді бақылау автоматтандырылған тестілеу есебінен жүргізіледі, ол білім алушылардың білім жетістіктерін объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді. Әрбір тақырып бойынша бақылау сұрақтарының саны білім алушының жас ерекшелігіне қарай және тестілеуге берілетін уақытқа қарай ауытқып отырады.

Ұлттық СБР жобасын жүзеге асыру аясында электрондық оқытудың ақпараттық жүйесі құрылды (бұдан әрі – ЭОАЖ): білім беру ұйымдарының порталы, Ұлттық білім беру деректер базасы (бұдан әрі-ҰББДБ), ішкі корпоративтік портал, электрондық кітапхана, білім беру ұйымдарын басқару жүйесі және <https://e.edu.kz> сайтында қолжетімді болып келетін электрондық оқытудың басқа компоненттері.

Зерттеудің нәтижелері. Біз зерттеп отырған тақырып бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының студенттерінің сандық сауаттылығын қалыптастыру мақсатында қарастырылады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде сандық ресурстарды оқыту процесінде тиімді қолдана алу қажеттілігі қазіргі білім беру жүйесінің негізгі мәселелерінің бірі болып табылады.

Келесі кезекте қазіргі таңа бастауыш сынып мұғалімдеріне қажетті сандық ресурстарға толығынан тоқталуды жөн көрдік. Мысалы «Жүйелік – әдістемелік кешен» порталы, <http://smk.edu.kz/> – орта білім мазмұнын жаңарту аясында Қазақстан Республикасы педагогикалық қызметкерлеріне әдістемелік қолдау көрсету мақсатында құрылған ауқымды онлайн платформа болып табылады.

«Жүйелік – әдістемелік кешен» порталында оқу үдерісін ұйымдастырудың оқу-әдістемелік негізі болып табылатын Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, типтік оқу жоспарлары, оқу бағдарламалары және жоспарлар тәрізді жұмысқа қажетті құжаттар педагогтерге қолжетімді.

«Сабақ жоспарлары» бөлімі бірінші және екінші сынып бойынша презентациялар, қалыптастырушы бағалау, дидактикалық материалдар, аудио және бейнематериалдар тәрізді қосымша материалдары бар сабақ жоспарларының үлгілері берілген. Материалдар оқу пәндеріне және оқу жоспарының тақырыптық бөлімдеріне сәйкес құрылған, бұл өз кезегінде сабақты жоспарлауда және оған дайындалуда ақпараттар ізденісін жеңілдетуге мүмкіндік береді.

«Критериалдық бағалау жүйесі» бөлімінде пайдаланушылар мұғалімдерге, аймақтық және мектеп координаторларына арналған критериалдық бағалау бойынша нұсқаулықтарды таба алады. Сонымен қатар, мұнда жалпы білім беру мектептері бағдарламалары негізінде дайындалған қалыптастырушы бағалау тапсырмаларының жинақтары бар. Жиынтық бағалауға қатысты әдістемелік ұсыныстар, презентациялық ресурстар және бейнематериалдар, электрондық журнал нысаны, әдістемелік ұсыныстар да қоса берілген.

Бұдан басқа, оқулықтардың, жұмыс дәптерлерінің, мұғалімге арналған нұсқаулықтардың, тілді дамыту постерлерінің, оқу-әдістемелік кешенге қатысты бейне нұсқаулардың электрондық үлгілері мұғалімге көмек ретінде порталға жүктелген. Сондай-ақ, порталда форум қызметін атқаратын «Талқылау алаңы» бөлімі құрылған. Аталмыш форумда «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ қызметкерлері әртүрлі бағыттағы мамандандырылған кеңестермен қамтамасыз етеді. Мұнда мұғалімдерге белгілі бір бағытта талқылау ұйымдастыру, өз пікірлері мен ұсыныстарын жазу мүмкіндіктері қарастырылғанын айта кеткен жөн.

Портал пайдаланушыларына техникалық қолдау көрсету қызметі тарапынан жүзеге асырылатын кері байланыс мүмкіндігі де ұйымдастырылғандығын атап кету қажет. Техникалық және ақпараттық-әдістемелік бағыттағы сұрақтарды қамтитын портал пайдаланушыларың хаттары күнделікті өңделеді.

Порталдың материалдарына қолжетімділік тіркеуден өткен барлық авторизацияланған пайдаланушыларға ашық. Аталмыш интернет ресурсының көмегімен мұғалімдер тек қана әдістемелік

және консультациялық қолдауға ие болып қана қоймайды, сонымен бірге олар өз еңбектерін жариялап, форумда талқылау ұйымдастыру арқылы әріптестерімен тәжірибелерімен бөлісе алады.

Бүгінгі таңда BilimLand электрондық білім беру порталына еліміздің барлық мектептерімен қатар, мұғалімдердің 230 мыңға жуық аккаунттары қосылған. Мұғалімдер сыныптағы оқу үрдісін ұйымдастыру үшін цифрлық контентті белсенді пайдаланады. Ендігі кезекте мектептердің платформаға жазылуы аясында барлық оқушылар мектептен тыс және өздеріне ыңғайлы уақытта цифрлық контентке деген қолжетімділікті қамтамасыз ететін пайдаланушы аккаунттарын алады.

BilimLand – бұл электрондық оқыту бойынша әлем көшбасшыларының алдыңғы қатарлы жетістіктері негізінде жасалған цифрлық білім беру платформасы. Бұл – заманауи білім беру контентінің ірі сандық кітапханасы, қазақша, орысша, ағылшын тілдерінде барлық пәндерді қамтыған 30 мыңға жуық электрондық сабақ, тренажер, интерактивтік жаттығулар, оқытуға арналған видео, анимациялық фильмдермен қамтылған жиынтық.

Қызықты электрондық сабақтар балаларға мектепке дайындалуға көмектеседі әрі бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген қызығушылықтарын оятады. Сондай-ақ, математика, физика, химия, биология және басқа да мектеп пәндері бойынша ең қиын тақырыптарды қарапайым және қолжетімді тәсілмен түсіндіре отырып, жоғары сынып оқушылары үшін таптырмас көмекші құрал болып табылады. Цифрлық оқыту ресурстарына шектеусіз әрі тегін қолжетімділік – білім берудің сапасын арттыруға бағытталған.

СФЕРА – мұғалімдерді, оқушылар мен олардың ата-аналарын біріктіретін және қашықтықтан оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін білім беру онлайн-платформасы. (Bilim Media Group компаниясы)

Платформаның мүмкіндіктері мектепте оқытылатын пәндерді қашықтықтан және интерактивті түрде зерделеуге және оқытуға, сондай-ақ оқу үдерісі мен үлгерімді бақылап отыруға мүмкіндік береді.

Электрондық кітапхана жоба аясында өңделіп орналастырылған СБР бар ЭОЖ-ның маңызды компоненті болып келеді.

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ деректері бойынша электрондық оқыту жүйесінде Ақпараттандырудың ұлттық орталығы мен «Bilim Media Group» ЖШС мектептің 15, ал колледждердің 24 пәндері бойынша 14 551 сандық білім беру ресурстарын өңдеп орналастырды. Сонымен қатар, 2013 жылы құрылған жалпы білім беретін мектептің 8, ал колледждердің 5 пәні бойынша білім беру контенті технологиялық платформаны (*html5* форматта) қолдап, пайдаланушылардың әр түрлі құрылғылардан қолжетімділікті алуға болады.

Электрондық оқулықтар - қазіргі заманғы оқушылардың таңдауы. Оларды ыңғайлы PDF және EPUB форматында жүктеуге, кез-келген құрылғыдан on-line режимінде оқуға, беттерді бүлдіруден қорықпай жазбалар жасауға болады.

Материалдар түрлі сыныптар, пәндер және тақырыптар бойынша бөлінген, әр оқушы өзіне қызықты тақырыпты еш қиындықсыз таба алады. Материалдар екі тілде ұсынылған – мемлекеттік және орыс тілінде, мектептің 5 пәні бойынша 1212 сандық білім беру ресурстары ағылшын тілінде ұсынылып отыр. Сөйтіп, қазіргі таңда жалпы білім беретін мектептерге арналған электрондық оқыту жүйесінде 2-5 – сыныптарға арналған «Қазақ тілі, 1-5 – сыныптарға арналған «Математика», «Дүниетану», «Жаратылыстану», «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша мемлекеттік білім беру контенті қолжетімді болып келеді.

Сонымен қатар <https://www.okulyk.kz/> сайты арқылы да әр түрлі сыныптарға арналған оқулықтарды жүктеп алуға мүмкіндік берілген.


Google Classroom платформасын қолдану оқытушы үшін де, оқушы үшін де орын мен уақытты, жағдайды таңдамайтын бірден-бір платформа ретінде қарастыруға болады.

Google Classroom платформасы – оқыту үшін арнайы ұйымдастырылған пайдалы Google қызметтерін біріктіреді. Платформада:

- өз сабағыңызды / курстарыңызды құрыңыз;
- студенттерді курсқа тіркеуді ұйымдастырады;
- студенттермен қажетті оқу материалын бөлісу;
- студенттерге тапсырмалар ұсыну;
- студенттердің тапсырмаларын бағалау және олардың орындалуын бақылау;
- студенттер арасындағы байланысты ұйымдастыра аламыз.

Жоғарыда көрсетілген порталдар мен платформаларда жұмыс жасауды білім алушылармен практикалық жұмыс барысында қолданылды.

Сандық білім беру ресурстарын оқыту үдерісінде кеңінен пайдалану, соның ішінде практикалық сабақ барысында Google Classroom платформасында тапсырмалар құрастырып, оқушылардың жіберген жауаптарына кері байланыс беріліп, бағалау үдерісі жүзеге асырылуда. Аталған платформаларда бастауыш сынып оқушыларына арналған тапсырмалар мен сауалнамалар әзірленді.



Google Форма – бұл кері байланыс, онлайн тестілеу мен сауалнама жүргізуде қолданатын онлайн-сервис түрі. Google Форманың әр формасы сауалнама немесе квиз орналасқан веб-парақша түрінде берілген. Google Формамен жұмыс істеу үшін Google аккаунты болуы керек.

Google Форма көмегімен не істеуге болады?

- Кері байланыс жасау
- Сауалнама жүргізу
- Қалыптастырушы бағалау тапсырмалары, БЖБ,ТЖБ тапсырмаларын жасау
- Онлайн-тіркелу, дауыс беру т. б.

Google Форманың тиімділігі:

Қолданудың қарапайымдылығы. Google Формамен жұмыс жасау қиын емес. Интерфейсі ыңғайлы және тиімді. Бұл форманы құрылғыңызға жүктеп алудың қажеті жоқ.

24/7 сағат қолжетімділік. Форма бұлтта сақталады. Егер сіз әртүрлі құрылғыда жұмыс жасасаңызда сілтеме арқылы интернет желісімен кез келген құрылғымен кіре аласыз.

Қалауыңызша әрлеу. Google – дағы формаңызға әртүрлі шаблон бойынша дизайн таңдап қоюыңызға болады.

Тегін сервис. Жалпы негізгі функцияларға сервис тегін. Қосымша, кеңейтілген функциялары ғана ақылы.

Мобильді. Google Форма мобильді құрылғыларға бейімделіп жасалған. Телефон, планшет арқылы да еш кедергісіз жұмыс жасауға болады.

Нәтижелілігі. Google Форма арқылы алынған мәліметтерді өңдемей-ақ бірден сараптама жасауға болады.

Google Форма арқылы біз практикалық сабақ барысында студенттердің оқу нәтижелерін айқындау мақсатында сауалнама, тапсырмалар әзірлеп, кері байланыс жасап отырдық.

Студенттің «google форм» форматында тапсырманы орындау барысы:



Сауалнама. Ата-аналарға арналған сауалнама құрастыру

Quizizz платформасы - бұл Kahoot-қа өте ұқсас веб-негізделген студенттердің білімін бағалаудың құралы ретінде пайдалануға болады. Quizizz платформасы бойынша біз әрбір тақырыптар бойынша жиынтық бағалау – бұл белгілі бір материалды меңгеруді аяқтаған кездегі оқу жетістігін бағалауға тырыстық. Аталған бағалауды сабақ соңында тақырыптың көлеміне және әрбір сабақты меңгеру тиімділігіне сәйкес тест «Quizizz», «kahoot» платформасы арқылы арқылы жүргізілді.

Республикалық ұстаздар сайты Ustaz tilegi – Ұстаз тілегі Республикалық ұстаздар сайты. Сайтта ашық сабақтар, сабақ жоспарлары, ҚМЖ, ОМЖ, ҰМЖ, КТП, сценарийлер, олимпиада есептерін, тәрбие сағаттарды, мұғалімдерге керекті барлық құжаттарды таба алуға болады. Сайтта тегін материал жариялап, олимпиадаларға қатысып сертификат, диплом, алғыс хат, мадақтамаларды алуға болады. Сонымен қатар бейнесабақтар мен вебинарларға қатысып біліктілікті арттырып отыруға мүмкіндік берілген.

Талқылаулар. Зерттеу тақырыбымыз бойынша сандық білім беру ресурстарын оқу үдерісінде пайдаланудың тиімділігін отандық ғалымдардың зерттеулерінен көрініс табады.

А.Б. Медешова «Бастауыш сынып оқушыларының оқу икемділігін ақпараттық технология арқылы дамытудың педагогикалық шарттары» атты диссертациялық жұмысында егер, бастауыш сынып мұғалімдері оқытудың ақпараттық технологиясын пайдалану әдістемесімен қаруланып, оны нәтижеге бағдарланған білім беру үрдісіне пайдаланса, онда бастауыш сынып оқушыларының оқу икемділігінің дамуы жаңа сапалық деңгейге көтеріледі, өйткені ақпараттық технологияны пайдалану бастауыш білім мазмұнын тиімді меңгеруге ықпал ететінін дәлелдеген.

А.Ө. Байдыбекова «Бастауыш сынып математикасын оқытуда компьютерді пайдалану» атты диссертациялық жұмысының мақсаты – бастауыш мектептің математика пәндерін оқыту үрдісін жетілдірудегі дербес компьютердің мүмкіндіктерін ашу және компьютерлік құралды пайдалану арқылы төменгі сынып оқушыларының оқу іс-әрекеттерін қалыптастырып, одан әрі дамытуға арналған.

Зерттеу жұмысы мынадай болжам негізінде құрылған: егер бастауыш мектепте оқытудың дидактикалық жүйесіндегі дербес компьютердің рөлі, орны мен атқаратын қызметі анықталса, оны нәтижелі пайдаланудың шарттары айқындалып және есепке алынып отырылса, сонымен қатар педагогикалық бағдарламалық құралдарға оқушының оқу тапсырмаларын жеңіл ұғынуына жаттығулар енгізілсе, онда оқыту үрдісінің әсерлілігін жетілдіру төмендегі параметрлер бойынша қамтамасыз етіледі:

- білім сапасы артады;
- білімді игеру жеделдетіледі;
- оқушылардың оқуға деген қызығуы артады;
- зерделілігі, жадында сақтауы сияқты психикалық үрдістері дамиды.

Бастауыш мектептің оқыту үрдісінде ақпараттық-қатынастық технологияларды пайдалану Л.А. Баймаханованың педагогикалық бағдарламалық құралдарды пайдаланып бастауыш мектеп оқушыларын математика есептерін шығаруға үйрету әдістемесі еңбегінде жан-жақты қарастырылған.

Ақпараттық-қатынастық технологияларды пайдалану жөніндегі зерттеулер

| Бастауыш мектептің оқыту үрдісінде ақпараттық-қатынастық технологияларды пайдалану | |
|---|--|
| Г.Б. Ахметова: «Болашақ мамандардың желілік даярлығын қалыптастыру әдіснамасы мен технологиясы» | Д.С. Байғожанова: бастауыш мектепте информатика элементтерін пәнаралық байланыс негізінде оқыту әдістемесі. |
| М.Б. Есбосынов: орта мектепте дистанциялық оқытуды ұйымдастырудың дидактикалық шарттары. | А.Ө. Байдыбекова: «Бастауыш сынып математикасын оқытуда компьютерді пайдалану» |
| Н.Ғ. Даумов: «Оқытуды ақпараттандыру үрдісінде оқушылардың зерттеу қызметін дамыту» | Л.А. Баймаханова: педагогикалық бағдарламалық құралдарды пайдаланып бастауыш мектеп оқушыларын математика есептерін шығаруға үйрету әдістемесі |

А.Л. Мухавиков: Интернет қазақстандық сегменті мысалында телекоммуникациялық жүйелерді ақпараттық толтырумен жұмыс істеуге үйрету әдістемесі.

А.Б. Медешова: бастауыш сынып оқушыларының оқу икемділігін ақпараттық технология арқылы дамытудың педагогикалық шарттары.

Кесте 1 – Ақпараттық-қатынастық технологияларды пайдалану жөніндегі зерттеулерге талдаудың сызба нұсқасы

Қорытындылай келе, сандық білім беру ресурстарын бастауыш мектептің оқу үдерісінде пайдалану студенттердің білім сапасы арттыру, білімді игеру жеделдетуге, оқуға деген қызығушылықтарын арттыру, зерделілігі, жадында сақтауы сияқты психикалық үрдістері қалыптатуға мүмкіндік беретінін анықтадық.

Қорытынды. Осылайша, қазіргі сандық білім ресурсы (СБР) білім беру ұйымдарындағы оқу үдерісін жаңғыртудың тиімді де ұтымды құралы болып табылады. Оқу үдерісінде СБР қажетті құрал болып келетіні туралы сенімді түрде айтуға болады. СБР-ды қолдану арқылы білім алушылардың бойында түйінді, әрі пәндік құзыреттіліктерді қалыптастыруға, өз бетімен көрнекілік, проблемалық оқытудың әдістемесін жүзеге асыру, білім бақылауын автоматтандыру арқылы білім алуға мүмкіндік береді. Біздің ойымызша, сипатталған қолдану әдістерін орындай отырып, оқу үдерісіне СБР-дің толық енуі оқытудың дәстүрлі әдістерін толықтырып, олардың жаңа қолданыстағы ақпараттық технологиялармен үйлесуінде маңызы зор.

Электрондық оқыту жүйесін білім беру ұйымдарына енгізу аясында өңделген СБР талдауы көрсеткендей, мазмұны мен формасы сабақ үстінде және үй тапсырмасын орындаған кезде білім алушының интеллектуалдық әрекетін ынталандыруы, материалды игеру сапасын арттыруы, оқытуға деген қызығушылықты қалыптастыруы, тұлғасын дамытуы, оның болашақ кәсіби таңдауына әсер етуі мүмкін.

Алайда сандық білім ресурсы оқытушыны алмастыра алмайды, бірақ оқытушыға қосымша материалдарды ұсынады, яғни сабақ мазмұнын ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жаңа мультимедиялық мүмкіндіктерімен толықтыруға, білім алушылардың назарын аса маңызды оқу тақырыптарына аударуға, қажет болған жағдайда олардың назарын зерделенген көріністердің ерекшеліктеріне шоғырландыруға, оны көрнекі түрде көрсетуге, сабақтың мазмұнын қоғамда болып жатқан өзгерістермен, өмірлік тәжірибелермен, пәнге деген қызығушылықтарымен және т.б. құбылыстармен байланыстыруын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 – <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>
2. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы, 12 желтоқсан 2017 № 827 – <https://digitalkz.kz/kz>
3. Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ, Астана, Ақорда/ <http://orleu-atr.kz/wp-content/uploads/2020/>
4. Darazha, I., Lyazzat, R., Ulzharkyn, A., Saira, Z., Manat, Z. Digital Competence of a Teacher in a Pandemic 2021 9th International Conference on Information and Education Technology, ICIET 2021 this link is disabled, 2021, стр. 324–328, 9419644
5. Мұхамметжанова С.Т. Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. Әдістемелік құрал-А.; Алматыкітап, 2010-96 б.
6. Сардарова Ж.Ы. Сардарова Ж.Ы. Білім беруді жаңарту жағдайында бастауыш ақпараттандырудың теориясы мен практикасы. Пед.ғыл.докт.ғыл.дәр.алу үшін дайын. дисс. автореф. Алматы, 2008.
7. Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования, 2001-128 с.
8. Кеңесбаев С.М. «Жоғары педагогикалық білім беруде болашақ мұғалімдері жаңа ақпараттық технологияны пайдалана білуге даярлаудың педагогикалық негіздері»: пед.ғыл.докт..автореф.:13.00-08-Түркістан, 2006-43 б.
9. Нурғалиева Г., Тажигулова А.И. Педагогические технологии информатизации образования: Монография-А.:РЦИО, 2002 – С.268.

10. Абилхасимова А. Е. Цифрлық білім беру ресурстарын білім беру үдерісінде қолдану // Молодой ученый. – 2020. – № 14 (304). – С. 292-295. – URL: <https://moluch.ru/archive/304/68503/> (дата обращения: 07.03.2021).

References:

1. Qazaqstan Respyblikasynda bilim berýdi jáne ǵylymды damytýdyń 2020 – 2025 jyldarǵa arnalǵan memlekettik baǵdarlamasy, 2019 jylǵy 27 jeltoqsandaǵy № 988 – <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>
2. "Sifrly Qazaqstan" memlekettik baǵdarlamasy, 12 jeltoqsan 2017 № 827 - <https://digitalkz.kz/kz>
3. Pedagog mártebesi týraly Qazaqstan Respyblikasynyń Zańy 2019 jylǵy 27 jeltoqsandaǵy № 293-VI QRZ, Astana, Aqorda/ <http://orleu-atr.kz/wp-content/uploads/2020/>
4. Darazha, I., Lyazzat, R., Ulzharkyn, A., Saira, Z., Manat, Z. Digital Competence of a Teacher in a Pandemic 2021 9th International Conference on Information and Education Technology, ICIET 2021 this link is disabled, 2021, сmp. 324-328, 9419644
5. Muhametjanova S.T. Interaktivti jabdyóqtarmen jumys jasaýdyń ádis-tásilderi. Ádistemelik qural-A.; Almaty kitap, 2010-96 b.
6. Sardarova J.Y. Sardarova J.Y. Bilim berýdi jańartý jagdaynda bastaýysh aqparattandyrydyń teoryasy men praktikasy. Ped.gyl.dokt.gyl.dár.alý úshin daıyn. diss. avtoref. Almaty, 2008.
7. Polat E.S. Novye pedagogicheskie i informacionnye tehnologu v sisteme obrazovanie, 2001-128
8. Keńesbaev S.M. "Joǵary pedagogikalyq bilim berýde bolashaq muǵalimderi jańa aqparattyq tehnologiany paidalana bilýge daıarlaýdyń pedagogikalyq negizderi": ped.ǵyldokt....avtoref.:13.00-08-Türkistan, 2006-43 b.
9. Nýrgaliev G., Tajıǵylova A.I. Pedagogicheskie tehnologu informatızasu obrazovania: Monografiya-A.:RSIO, 2002-268 s.
10. Abilhasimova, A. E. Sifrlyq bilim berý resyrstarın bilim berý úderisinde qoldaný / A.E. Abilhasimova. – Tekst : neposredstvennyı // Molodoı ýchenıı. – 2020. № 14 (304). – S. 292-295. URL: <https://moluch.ru/archive/304/68503/> (data obrasheniya: 07.03.2021).

МРНТИ 14.35.01

<https://doi.org/10.51889/2022-2.1728-5496.12>

Г.Қ. Нүркенова,¹ А.А. Есмағұлова¹, Г.С. Махмұтова¹

«Bolashaq» Академиясы, Қарағанды қ., Қазақстан

СТУДЕНТТЕРДІ ЕРЕКШЕ БІЛІМ АЛУҒА ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРМЕН ЕРІКТІЛІК ӘРЕКЕТКЕ ДАЙЫНДАУ

Аңдатпа

Мақала бүгін таңда өзекті болып табылатын студенттерді ерекше білім алуға қажеттіліктері бар балалармен еріктілік әрекетке дайындау мәселесіне арналған. Мақалада мәселеге теориялық талдау жасалады, «еріктілік» терминінің мазмұны, студенттік кезеңдегі еріктіліктің әлеуметтік феномені ашылады. Студенттердің еріктілік әрекетін ұйымдастыру шарттары қарастырылып, жоғары мектептегі еріктіліктің негізгі қағидаттары айқындалды. Авторлар университеттің оқу процесін ұйымдастырудың тиімді әдісінің бірі ретінде ретінде студенттік еріктілер әрекетінің дамуын атап өтеді. Мақалада студенттердің еріктілік әрекетін ұйымдастырудың маңызды міндеттері, студенттердің болашақ кәсіби маман ретіндегі әрекетін үйлестіру, оларды жұмыстың осы бағытына дайындау, басқа еріктілік ұйымдармен өзара іс-әрекет қажеттілігі туралы ашылып қарастырылады. «Bolashaq» академиясының педагогикалық білім беру бағдарламалары студенттерінің еріктілік әрекеті мәселелері бойынша жүргізілген сауалнама нәтижелеріне талдау жасалды. Сауалнама нәтижелері негізінде авторлар қорытынды жасап, студенттерді еріктілік әрекетке дайындаудың маңыздылығын анықтайды. Сондай-ақ әдістемелік тұрғыдан ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасау бойынша еріктілік жұмысты ұйымдастыруға және мазмұнына байланысты